

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының

Хаттама №3

24.11.2023

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу
2. Мектепшілік қиын бала есебінде тұратын оқушылар жайлы Сергазы Ж
3. Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы «Қыз өссе елдің көркі» Дүйсенбаева Л

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сергазы Ж күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өткеннен соң:

Құқықтық тәрбие жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес 7-11 сыныптар арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» атты сұрақ-жауап жүргізілді. Нәтижесінде 7-11 сыныптар арасынан 20 бала қатысты.

Барлық оқушылар құқық заңдарын оқып үйренген. Бала құқығын қорғауда сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар, «Қылмыс неден туындайды?» пікірталас, «Бала құқығы мен міндеттері», «Оқушылардың міндеттер мен құқықтарының кодексі» лекция оқылды. «Ғасыр індеті» сот сабағы, «Бала құқығы» туралы заң (5-7 кл.) талқыланды. 8-11 кл. оқушылары «Бала және отбасы құқығы жайлы халықаралық құжаттармен» таныстырылды.

2-мәселе бойынша бойынша мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ. Оқушылар үнемі сабаққа кешікпей, сабақтан қалмай келеді. Ата-аналарымен тығыз байланыс жасап отырамыз.

3-мәселе бойынша 10 сыныптың жетекшісі Дүйсенбаева Л баяндама жасады. Ол өз баяндамасында қыздар тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Тоқсан сайын жалпы қыздар жиналысы өтілетіні айтылып өтті. Баяндамаға байланысты өз пікірлерін ортаға салды. Шешім:

1. Мектепшілік оқушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі мен тәртібі үнемі қадағалансын.
3. сынып жетекшілер ата-аналармен қыздар тәрбиесі бақылауға алынсын.

Мектеп директоры:

Назарбекова С.А

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Сергазы Ж

Хатшы

Кабдышева А.К